

## Базар жыраудың әдеби мұрасы

**Аңдатпа.** Қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар Базар Оңдасұлы шығармалары да ұлттық әдебиеттің көркемдік мұрасы болып табылады. Бұл мақалада Базар мұраларының ұлттық сипаты мен көркемдік ойлау деңгейі айқындалады, Базар толғауларындағы дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы бағаланады. Базардың өзіндік ойлау, сөйлеу өзгешеліктері, дүниетаным болмысы танылады. Базар жырау толғауларын жіктеудің негізінде оның ішкі бірнеше түрлері айқындалады.

Қалыптасқан әдеби дәстүрмен Базар жыраудың байланысы дәйектеліп, қазақ әдебиетіндегі орны талданады.

Тарихымыздағы таңдаулы тұлғалардың жас ұрпақ жадынан ұмытылып кетпеуіне күш салу ғылым мен мәдениеттің міндеті ғана емес, аға ұрпақтың адамгершілік парызы. Тарихи тағдырлас, түркі тілді халықтар әдебиетінің өзара байланысы, сан ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр жалғастығы сөз болады. Ұлттық әдебиетімізге Шығыстың да Батыстың да, жалпы, әлем елдерінің әдебиетінің ықпалы, тигізген әсері мол болған. Мақалада Базар жыраудың дастан жазудағы ерекшелігіне назар аударылып, теориялық талдау жасалады. Қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар Базар Оңдасұлы шығармалары да ұлттық әдебиеттің көркемдік мұрасы болып табылады. Шығыстық өркениет пен әдебиет дәстүрін меңгере отырып жазылған шығармаларының гуманистік идеялары, адамгершілік сапалары насихатталған туындыларының тәрбиелік мәні, эстетикалық маңызы сараланған.

**Түйін сөздер:** Сыр сүлейлері, жырау, ақын, әдебиет, толғау, жыр, дастан

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-150-160>

### Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі. Сыр сүлейі Базар жырау Оңдасұлының жыр үлгісіндегі көркемдік тәсіл мен мазмұндық бірлігі даралық сипаты, танымдық өзектілігін айқындау мақаланың зәрулігін көрсетеді.

Базар-жыраулық пен ақындықты қатар ұстаған үлкен дарын иесі. Ойымыз дәлелді болу үшін М.Жармұхамедовтың мына пікірін келтірсек: «Базар, біріншіден, көл-көсір көне

мұралардың басым көпшілігін бір естігеннен жаттап алып, соны қажетті деген тұстарда кесек-кесегімен алып ұтымды қолданса, екіншіден, солардың мәнді дегенін ғана кәдеге жаратып, өзгесін өз жанынан қосып, әрлеп дамыта жырлайды. Бұл тек Базарға ғана емес, сол тұстағы импровизация дәстүрін ұстаған ақындардың бәріне тән ерекшелік болатын», - дейді [1; б. 225].

Қалай дегенменде ұлттық сөз өнері тарихында Базар жыраудың ұлттық және жал-

<sup>1</sup>Зерттеу жұмысы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР09561460 «Базар жырау шығармаларының жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері» атты жоба аясында жүргізілді

пыазаматтық рухани құндылықтар қазынасын болашақ ұрпақтар қажетіне жарату үшін жаңаша зерттеудің зерделенудің өзектілігі анық.

Әрі ақын, әрі жырау және жыршы, шайыр Базардың өмір сүрген кезі ауыз әдебиеті бірте-бірте жазба әдебиетіне яғни, жыраулық поэзияның ақындық поэзияға ұласқан кезі. Бірін-бірі жалғастырып ұлттық поэзиямызды байытқан болатын.

Осы тұста С.Қасқабасов: «Қазақ халық ауыз әдебиетінің даму барысындағы бағыттар мен кезеңдер, бірін-бірі жалғастырып, сөйтіп ұлттық поэзиямызды байытып отырған дәстүрлер мен жаңалықтар», - дейді [2; б. 541].

Осы пікірге қосыла отырып, Базар Оңдасұлының жыраулық поэзия мен жыраулық дәстүрді ұстанғанын байқаймыз.

Мақсаты: Қазіргі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның мәдени мұраны игеру жолындағы мемлекеттік бағдарламалардың нысанындағы маңызды мәселенің бірі Базар шығармашылығын байыпты саралау, жанрлық табиғатын ашу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- Базар мұраларының ұлттық сипаты мен көркемдік ойлау деңгейін айқындау;
- Базар толғауларындағы дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығын дәлелдеу;
- Базардың өзіндік ойлау, сөйлеу өзгешеліктерін, дүниетаным болмысын таныту;
- Қалыптасқан әдеби дәстүрмен Базар жыраудың байланысын дәйектеп, қазақ әдебиетіндегі орнын белгілеу;

Базар жыраудың шығармалары Сыр өңірінен шыққан ақын-жыраулардың ішінен алғашқылардың бірі болып С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Диваев, Ә.Марғұлан, М.Әуезовтердің қолына тиген. Шығармаларының әдеби әрі ғылыми айналымға өз тұтастарына қарағанда ертерек түсуі, әдебиет жинақтарына енуі жырау мұраларының ел аузында көп айтылып, жатталып келуінен ғана емес, оның ғалымдар мен зерделі жинаушылардың назарын еріксіз аударатындай үздік үлгілілігі мен көркемдігінен болса керек. С.Сейфуллин: «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы – Базар жырау» [1], - десе, М.Жұмабаев: «Асса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойы-

на терең бойлаған» [3], - деп Базар жыраудың ақындық қарым-қабілетін жоғары бағалайды.

Жалпы өнердің дамуы өз заңдылықтарымен жүретін стихиялы құбылыс. Көркемөнердің ерекше түрі әдебиет те алдымен өзінің ұлттық қазанында қайнап-қайнап алып, пісіп жетіледі. Содан кейін барып қана басқа өркениет үлгілеріне қол созады. Біздіңше, қазақ әдебиетінің әлемдік өркениетке үмтылуы ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басында ұлы Абай шығармашылығы арқылы орыс, батыс әдебиетіне, діни-ағартушылық ағымның өкілдері арқылы Шығыстық өркениетке қол созуы түрінде айқын білінді. Мұндай процестің басы-қасында да Сыр сүлейлерінің шығармашылықтарының тұрғанын айтуымыз керек. Негізінен ескіше (арабша) сауатты болған Сыр сүлейлері өздерінің шығармашылықтарында шығыстың классикалық әдебиеті дәстүріне шындығын қойған болатын.

Шығыстық өркениет пен әдебиет дәстүрін меңгере отырып жазылған Сыр сүлейлері шығармаларында мұсылман дінінің гуманистік идеялары, адамгершілік сапалар насихатталады. Бұл айтылғандардың Ешнияз сал, Базар жырау, Қарасақал Ерімбет, Шорақтың Омары, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет Ізтілеуовтердің шығармашылықтарына тікелей қатысты екенін айтсақ, ақиқат ауылынан алыс кетпейміз. Демек, аты аталғаны, аталмағаны бар Сыр сүлейлері шығармашылықтарындағы көптеген жыр-толғаулар, қисса-дастандар өз халқының әдебиеті тарихынан жойылып кетті. Қомақты әрі құнды мұндай мол дүниелердің бірен-сарандары ғана бізге жетіп отыр. Сондықтан Базар жыраудың ғана емес, басқа да Сыр сүлейлерінің шығармаларын бар мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, бүгінгі әдебиеттану талабына сәйкес толық жинау, зерттеп-зерделеу де бүгінгі күннің күн тәртібінде тұрған мәселе.

### Зерттеу әдістері

Мақала әдебиетті зерттеудің салыстырмалы тарихи-типологиялық әдісіне негізделіп жазылған. Осы әдістің негізінде Базар жыраудың кез-келген шығармасы бөлшек күйінде

ғана емес, бүтіннің бөлшегі күйінде зерттеледі. Зерттеу принципі бойынша Базар жырау шығармалары топтастырылса, ондай жағдайда олардың ұқсас жақтарымен бірге, ұқсас емес жақтары да ескеріліп отырады. Базар жыраудың толғау-дастандарының зерттелуі қазақ, орыс, әлем әдебиеттанушыларының жетістіктеріне сүйеніліп жүргізіледі. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ықпал жасайтын жайттарды, проблемаларды жүйелі қарау. Саралау, әдеби-теориялық талдау жасау, интуитивті бағалау әдістері қолданылады. Базар мұраларының зерттелуі жайына келсек, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Жұмабаев, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, С.Қирабаев, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жармұхамедов т.б. Базарды қазақтың көрнекті ақындарының бірі деп жоғары бағалаған болатын. Кеңестік дәуір идеологиясы әдеби мұраны тануда сөз өнерінің өкілдерінің өмірбаянын бұрмалады. Соц стандартқа негіздеп таптық қайшылықтарды көрсету үшін ақын-жазушыларды кедейден шыққан, мал соңында жүрген деп көрсетеді. Қазақты тұрмыс, күнкөріс ұлтымыздың өмір сүру тәсілін бұрмалаудың орынсыз екені белгілі. Бүгінгі көзқараспен саралайтын болсақ, Базар жыраудың да өмір деректері туралы таптық қайшылық іздестіру орынсыз болар. Бізге мәлім Базардың терме-толғаулары, арнаулары, мұң-шер өлеңдері, «Айна-тарақ», «Әмина қыз», «Мақпал-Сегіз», «Жүсіп-Ахмет» және ауыз әдебиеті үлгісіндегі «Айман-Шолпан» атты дастандары бар.

### Талқылау

Базар жыраудың шығармалары Кеңестік кезеңде «Үш ғасыр жырлайды» [4], «Бес ғасыр жырлайды» [5], «Жеті ғасыр жырлайды» [6], «Алдаспан» [7], «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» [8] жинақтары мен «Базар жырау шығармалары» кітабына енсе, егеменді ел болған тұста «Жәмиғи қазақ бір туған» [9], «Назбедеу» [10] жинақтары күйінде және «Сырдария кітапханасының» құрамында 1 том болып жарық көрді.

Базар жыраудың әдеби мұрасы филолог мамандар даярлау барысында курстық, дипломдық жұмыстарға, магистрлік, кан-

дидаттық, докторлық диссертацияларға зерттеу нысаны болып келе жатқанына көп болды. Осы орайда С. Қосановтың Базар Жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы: (Ақындық дәстүр, жанр, поэтика) [11] кандидаттық диссертациясын айтуға болады.

Сонымен қатар «Базар жырау» республикалық әдеби, ғылыми-танымдық журналда жырау шығармалары жарияланып отырды.

### Нәтижелер

Базар жырау шығармаларын соңғы рет жинап, құрастырып, алғы сөзін, түсініктемесін жазып баспадан шығарған арқалы азамат, марқұм Ш.Алдашовтың кітабының алғы сөзіндегі: «Базардың жастық шағы жоқшылықта, жетімдікте өтеді. Буыны бекіп, бұғанасы қатпай жатып, байлардың қозысын бағады» [12; б.6], - деген тұстарды тұғыры биік, тәуелсіздігі тұрлаулы елдің танымы мен ғылыми тұрғысынан сын көзбен қарап оқып-қабылдаудың бүгінгі күннің талабы болатынын еске сала кетсек дейміз. Базар 16 жасынан елге мәшһүр болып танылған жырау.

«Әуелі Базар атандым,  
он алты деген жасымда  
Бай Көкшенің асында», –  
деп жырлайды.

Тек қой құрттап, қозы қайырумен жүрсе қандай тума талантқа болса да 16 жасында-ақ жасындай жарқ ете қалу оңай емес.

Сонымен Базар жырау кім болған? Базар жырау бәрінен бұрын дәстүршіл ақын болған. Есін білгелі ел аузындағы жыр-термелерді, толғау-дастандарды жаттап өсу жыраудың балалық шағына тән базарлы уақыты, ал халық ауыз әдебиетінің мол қазынасы, тарихи әдебиеттің тағылымды мұралары, өзі өмір сүрген өнер ортасы – бұлар оның өмірлік те, өнерлік те оқулықтары еді.

«Құлаштап дүние сені қармансам да,

Керімі келген шығар ер Қорқыттың» [13; б.10],-дейді Базар жырау. Бұл жолдардағы Қорқыт есімін жай ғана ата-ла салған деп ұғынбағанымыз жөн. Бір қызығы Сыр сүлейлерінің барлығы да өздерінің жыр-толғауларында Қорқыт есімі аталып отырады. Сыр сүлейлерінің шығармаларын Қорқыт

дәстүрінен бастау алатын, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі ақын-жыраулар шығармаларымен тығыз байланыста дамып келіп, әдебиет тарихына алтын қор болып қосылған құнды дүниелер деп есептейміз. Базар жырау шығармалары да өзінен бұрынғы әдебиетпен табиғи тамырлас болып келіп, әдебиеттің ұлттық дәстүрін жалғастырған. Ауызша тараған әдебиет туындыларының сол әдебиеттің ұлттық дәстүріне тұрақтылығы қазақ көркем-нерінің дәстүрлілігінің ұзақ ғұмырлылығын және мәуелеген жемістей жасампаздығын дәлелдейді.

Өнердің мұраты – адамзатқа қызмет ету. Өнердің тақырыбы – адам тағдыры. Жанрлық тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясының дәстүрлі түрі толғаудың да туу, қалыптасу, даму арналарының болатыны секілді, мұндай процесті әрбір әдебиет өкілдерінің шығармашылығы да басынан өткереді және олардың ұлттық әдебиет дәстүріне қосқан үлесі оның суреткерлік қарым-қабілеті, таланты, өмірлік тәжірибесі мен білім-білігіне тікелей байланысты болады. Кез келген мәселені нақты, деректі жырлауы арқылы Базар жырау шығармалары толғаудың жанрлық мүмкіншілігін жетілдіре түсті, көркем шығарманың өзі өмір сүріп отырған дәуірдің ділгір мәселелерін көтеруін, уақытпен үндесуін, реалистік сипатының артуын жолға қойды.

Поэзиямыздың тарихындағы барынша жетілген, өмір құбылыстарының философиялық мәні мен маңызын, адам өмірінің саяси-әлеуметтік мәселелерін терең жырлайтын Базар жырау толғауларын өз заманының үздік туындылары болды деп нық айтуға болады. Мысал үшін жыраудың «Әр кемелге – бір зауал» толғауында адам, аң-құс, жануарлар бейнесі типтендіріле отырып, өмір құбылыстарының мәні ашыла түседі, дүниенің жалғандығы мен өткіншілігі, өзгермелілігі «батыр – бір оқтық, бай – бір жұттық» дегендейін ыңғайда жырланады. Желге жеткізбес жүйрік аң, кер құлан, назбедеу тұлпар, қыран бүркіт, бай мен батыр, – Базарша айтқанда, бәріне де зауал бар, мәңгілік еш нәрсе жоқ. «Әлі де сенде арман жоқ» делінетін толғауда да сондай:

«Көзі ақықтай сүзілген,  
маржаңдай тісі тізілген,

келімі келген кермиық,  
сағағынан үзілген,  
белгілі ару қор болып –  
кімдерден жылап қалған жоқ» [5; б. 108],

делініп ару жайында, одан әрі тұлпар ат, батыр туралы айтылып кетеді. «Қайырға біткен шынармында» да қас жүйрік, батыр мен балуан, көсем мен шешен, бай мен би, арулар жайы тереңнен толғанады. Образды ойлаудың бейнелілігі, көркем тіл дәстүрлі қазақ поэзиясын осы тұста да жырау анық ақындық қолтаңбамен байыта түскенін байқау қиын емес. «Ел жақсыларында» Сыр өңірінің айтулы тұлғалары: Өткелбай сыпа, Бекетай молда, Құлбарақ батыр, Самырза, Көбек, Басықара билер, Бекмырза, Бәймен, Төртқара, Үмбеттер туралы жырланады. Әрқайсысының есіміне Сыр елінің әр жерінен жер-су атаулары берілген мұндай тарихи тұлғаларымызды жырау басқаларға үлгі ете жырлайды. Осы бағыт «Сұм дүниеден» одан әрі жалғаса түседі. Сұм дүниеден бәрі өткен: Олар – Әбілқайыр, Нұралы, Есім, Тәуке, Жәнібек, Абылай мен Жәңгір хандар, олар – Баба түкті шашты Әзиз, Сейтпембет, Мағзам, Марал ишан, Софы Әзиз әулиелер, олар – Жабағы, Сыпа, Өтеген, Ақмырза, Қуан, Көшермен батырлар, олар – Қазыбек, Төле, Әйтеке, Мөңке, Көбек, Өтетілеу, Сарытай, Тампыш, Мұрат, Киікбай билер, олар – Жанқожа, Есет, Қыстаубай, Қасым, Сейіл, Бұқарбай, Малайсары, Жантайлақ, Сәмет, Тоғанас, Қарадос, Өске, Бұдабай, Серәлі, Садыр, Орынбай, Шернияз, Шыман, Өтеген, т.б. батырлар мен билер, ақындар мен жыраулар. Бұл айтылғандар – Сыр өңіріне ғана емес, бүкіл қазақ жұртшылығына танымал тұлғаларды қамтып жырлау, олардың өмірін өзгелерге үлгі ете отырып толғану Базар жырауға дейінгі ешбір жырауда болған емес.

Толғау өлең өміріне әдеби кейіпкерлерді молынан енгізе отырып, жанр жүгін деректі, нақтылы тарихи адамдар туралы айтумен ауырлата түсу – Базар жыраудың суреткерлік тұрғыдағы қазақ өлеңіне қосқан үлкен жаңалығы. Әрине, бұл кейіпкерлер өмірде бар болған адамдар болғандықтан толғау өлеңнің субъективтілік сипатына қарағанда, объективтілік сипатының мол болып көрінуіне негіз

қалайды. Демек, Базар жырау толғауларына лирикалық сазды әуен, сырлы мұңмен бірге эпикалық қарқын, қуат та тән. Екіншіден, толғау-термелердегі ойшылдық, бодандыққа қарсы дүниетаным, келешекті болжау, ел бірлігі, ғибраттық үлгі, өсиет сияқты ойлардың көрінісі, оның қоғам дамуына ықпалын тигізген.

А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Е.Ысмайлов, С.Мұқанов, М.Жармұхамедов, М.Мағауин, Б.Әбілқасымов т.б. зерттеуші ғалымдар толғау халықтың тұрмыс-тіршілігіне арналған көшпелі өркениет тудырған поэзия түрі деп түйіндеген. А.Байтұрсынов толғауды былайша топтап көрсетеді: Сап, марқайыс, намыс, налыс, сұқтаным, ойды амалдау, күліс, сезім. Ғұлама ғалымның пікірінше толғау әдебиеттегі сюжетсіз поэзиялық туынды, жыраудың ойлап, түйіп, пікір білдіру толғанысы дегенге саяды. Тұрмағамбеттанушы Ұ.Жанбершиева «Толғау қазақ әдебиетіндегі сюжетсіз поэзиялық туынды, белгілі бір тақырып бойынша жыраудың ойлар түйіп, пікір білдіруі толғанысы дегенге келеді», - [14; б.75].

Әдебиет зерттеуші ғалымдар толғауды мазмұн, формасына қарай бөліп қарастырады. Е.Ысмайлов формасына қарай толғау-өлең, толғау-поэма десе, С.Мұқанов мазмұнына қарай нақыл, ереуіл, тіршілік дейді, ал М.Мағауин ойға құрылған сезімге құрылған, лирикалық толғау деп жіктейді. Дегенмен толғауға берілген бұл сипаттамалар оның барлық сыр-сипатын аша алмайды. Біздіңше, толғау-ең алдымен жыраудың ой-толғамы, дүниетанымы, әлеуметтік болжамы, заман көрінісі, ел тағдыры, халықтың тіршілігі. Келешек ұрпаққа ой тастайды. Базар жырау толғауларын мазмұнына қарай, ақындық, шешендік, дидактикалық характерде деп қарастыруға болады. Базардың дүниетанымы, терең толғаныстары, әлеуметтік болжамы, өмір, дәуір шындығын баяндауы, өмірден қорытынды жасаған нақыл тұжырымдары қамтылған. Кез келген толғауынан байқағанымыз маңызды қоғамдық философиялық тақырып, азаматтық әуенді көреміз. М.Байділдаевтың «Кеншімбай, Оңғар, Жиенбай, Жорықбай, Кете Жүсіп, т.б. ақын, әнші, жыраулар Базар жыраудың мектебінен үлгі-ө-

неге алған түлектер», – деуі барынша әділетті айтылған пікір [5]. Базар жырауды Т.Ізтілеуовтің өзі ұлы ұстазым деп өле-өлгенше жырлап кеткен. Әдебиетіміздің талантты өкілдерінің шығармалары қазақтың кәсіби жазба әдебиетінің қалыптасып, дамуына толық алғышарт бола аларлықтай жағдайда болды.

Кез келген көркем туынды өмір құбылыстарының күнгей жақтарымен бірге, көлеңкелі тұстарын да көрсете алуымен құнды. Жырау толғауларындағы негізгі тақырыптар: өткінші дүние, өзгермелі өмір, адам өмірінің қысқалығы, т.б. жырланғанда адамдық мінез-құлықтың жақсы жақтарының айтылуымен бірге, жағымсыз тұстары да сыналып отырады. Оның «Нарманға», «Лепес туралы», «Маутанға», «Қаражан болысқа» толғаулары – осы бағыттағы туындылар. «Қаражан болысқа» 220 жолдан тұратын көлемді туынды.

Базар жырау «Қаражан болысқа» толғауында:

«Баласы батыр Қабақ, молда Қисық,  
қолыңа қалам алып жазшы хатқа.

Себеппен азын-аулақ айтып толғау,

Жаздым сөз жақсыларға сынатпаққа» [9; б.156], – дейді.

Ұзақ толғауды айтылған заматында хаттап үлгіруге қаншалықты мүмкіншіліктің болғанынан бейхабар біз қалай болғанда да түйдек-түйдегімен беріліп отыратын орамды ой, кестелі сөз, ойлы образдарды дүниеге келтірудің қиямет-қайым іс болатынын, бұған суреткердің сирек таланты, шығармашылық қарым-қабілеті, импровизациялық қуат-күші қажет екенін айтпай өте алмаймыз. Жазба әдебиеттің туындысымен бақ таластыра алатындай туынды «Қаражан болысқа» сияқты дүниелердің жарыққа шығуында тоқсан толғану, күрделі шығармашылық акт, процесс жүріп өтетінін ескерсек, Базар бабамыздың тума таланттылығына тағы да ден қоя түсеміз. «Қаражан болысқаның» тақырыбы – тойына арнайы шақырып, жырлатып астына арық ат мінгізген болысқа Базар жыраудың ренжігені, ал идеясы – сараңдықты сынау ғана. Базар жырау бірден Қаражанның сараңдығын бетке баса жөнелмейді, оқырманын ойға шақырып, тыңдарманын тебіреніске түсіріп, адам

болмысындағы мінез-құлықтар сырын ұзақ толғап кетеді. «Біреу – мәрт, біреу – жомарт, біреу – нәмәрт» дегендей сыңайлы адамдар арасындағы алыс-беріс қарым-қатынастардың қазақы тұрмыстағы орнын, маңызын жырлай отырып, оларды жіктеп-жіліктеп тас-тап отырады. Тыңдарманын еріксіз баурайтын толғаудың әр жолы – ойлы, тұжырымды, әр сөзі – алтын, бейнелі, үлгілі.

Базар жырау толғауларындағы ой мен сезімнің белгілі оқиға сілемімен, сюжеттік желімен беріліп отыратынына «Қаражан болысқадағы»:

«Сыпалар тыңдап сөзді мен айтқан соң,  
Еміреніп есіткендер судай тынды,  
Көңіліне жағып Кеңес ұнатқан соң,  
Айтқызып бір түн тегіс білгенімді

Ұлықсат еттің болыс таң атқан соң» [15; б.19], - делінетін жолдар дәлел. Болыстың сараңдығын айтпас бұрын Қаражанның руы Кетеден шыққан игі жақсыларды, атақты адамдарды: Бекмырза, Пірен, Тұңғышбай, Дәуімшар, Қитар, Жұбанбай, Нысанбай, Бекет, Аман, Барақ батыр, Садыр молда, Ешнияз, Мырзабектерді жақсы жақтарынан атап өтеді. Домбыраның құлақ күйін келтіргендей осыларды термелеп атап алғаннан кейін:

«Қаражан асып тудың Жиенбайдан,  
Мен сені кем көрмеуші ем Атымтайдан,  
Дүниенің қызығына түсемін деп,  
Талайлар құр қалып жүр абыройдан,  
Өзі арық, өзі жауыр, алжыған көк,

Қолыңа қапелімде түсті қайдан» [16; б.47], – деп бір түйреп кетеді. Осындай мазмұндағы тирадалар ұзақ толғаудың өн-бойында бірнеше рет қайталанып отырады. Мақтамен бауыздағандай сараңдықтың сырын сызылта отырып түйрей беру сөз түсінетін адамға оңайға соқпасы анық. Базар жырау Қаражанды сөз өнерінің құдірет-күшімен осылайша тірі-лей өлтіргенге ұқсайды.

Дүние қалай қысқа, шолақ болса, оның қызығы да сондай, қусаң жеткізбейтін қашаған, баянсыз. Базар жырау толғауларында осы мотив біраз қаузалып, жырланып отырады.

«Опасы жоқ бұл дүние,  
түспеді қолға, қуғанмен,  
неше алуан түрленіп»,– деп толғанады ұзақ.

Базар жырау енді бірде өлім жайын толғай түседі.

«Бай да өткен, патша да өткен, батыр да өткен,

түбінде бұл пенденің өлім жеткен.

Қаншама өлмеймін деп шалқаясың

өлмесе ата-бабаң қайда кеткен»,– деген сынды шумақтар Базар жырауша айтқанда «тумақ бар да өлмек бар» дегенге дәлел бола алады. Ешқандай бас ауыртпайтын анық ақиқат, толғау тілінде жеткізілген түздік философияның табиғи әрі реалды бір тіні осындай.

Базар жырау өлімнің өзінен ғибрат алуды жырлайды.

«Алыңдар ойлап ғибрат,  
шың басындағы өліктен,  
бір жерге бәрі жиналып,  
жатыр деп олар неліктен?» [17; б. 286].

Өлікті айтып жырлау бар да, ал өліктің өзінен ғибрат алуды насихаттай жырлау – бұл толғаудағы ой тереңдігі ғана емес, өмірдің бағасын ұғындыра түсу үшін айтқан Базар жыраудың өзіндік тұжырымы, ой қосындысы.

Базар жырау толғауларының тақырыбы саяси-әлеуметтік мәселелерді де қамтиды. Оның «Жамиғы қазақ бір туған», «Түбі туыс байтақ ел» делінетін толғауларын бірнеше қырынан ашып көрсетуге болады. Біріншіден, бұл толғауларда қазақ толғаулары үшін дәстүрлі тақырып – ел бірлігі мәселесі жырланады. Бұл тақырып Асан Қайғыдан бастап бері қарай Шалғез, Бұқар және басқалар түгелдей жырлап келе жатқан, авторларының тек өнерпаздар ғана емес, «титул» иелері, хандар мен бектердің ақылшы-кеңесшілері болып келе жатқанын дәлелдейтіндігімен құнды. Жыраулар поэзиясының тақырыбы кәкір-шүкірді, ұсақ-түйекті емес, ел, жер, отан тақырыбындағы ірі мәселелерді көтеруі – бұл елдің қоғамдық құрылысы, мемлекеттік жүйесі, тұрмысы қалыптастырған тарихи жағдайлармен тікелей байланысты саяси аренаға белгілі бір әлеуметтік топ ретінде шығып орнығып, бекіп қалған жыраулардың қазақ қоғамындағы әлеуметтік тұрғыдан алғандағы орны мен беделін көрсетеді. Базар жыраудың бұл тақырыптағы толғауларында да адам типтері сан алуан қырларымен ашылып отырады. Базар жырау танымы бойынша ел бірлігі сын-

ды үлкен саяси-әлеуметтік мәселеде адам факторы шешуші орынға ие. Мұндай өлеңдердің идеясы – «түбі туыс байтақ ел, біріні бірі сатпайды» делініп жырланатын үлкен жыраулық үрдіс пен ақындық пафостан көрінеді. Базекен мұрасындағы соқталы, сүбелі жырлар туған тақырып та осы.

Базар жыраудың біздіңше, басқа әріптестеріне қарағанда қаттырақ көңіл бөлген мәселесі – тіл, сөз. Жыраудың: «Құмарын тарқат алқаның», «Сөйле, тілім, жосылып», «Сөйле десең сөйлейін», «Қимылдап қал, қызыл тіл», «Суық сөз құлаққа емес, көңілге мұз», т.б. толғаулары

«Сөз асылын теріп айт,  
ақын болсаң бал таңдай,  
Семізің сөйле сөзіңнің,  
он жылғы қысыр байтадай».

«Сөз нөсерін тасқындат,  
тау жайлаған арқардай» – сияқты жыр жолдарынан тұрады [18; б.125].

Бұл жолдардан толғау, өлең сөздеріне өнерлік тұрғыдан үлкен талап қойылып отырғанын байқаймыз.

Сөйлеріне келгенде,  
Судағы қара сүліктей,  
Қызыл тілім қадалған!...  
Қимылдап қал, қызыл тіл,  
Жарығым – болар қараңғы [19].

Бұл енді Базар жыраудың өзгеге қойған талабының үдесінен шығатын өз тілі. Өз тіліне өзі

«Туған айға ат берген,  
ақ қағазға хат берген,  
екі ерін, тіл, таңдай,  
сөйлесін деп жақ берген»,  
деп анықтама беріп алған Базекен:

«Айтқан сөзге түсінбес,  
адамның мисыз ақымағы» – деп түйін деп тастайды [20]. Базекенде жел сөз тіркесі көбірек қолданылады. Бұл тұста жыраудың ақындық, жыраулық тілді, шабыт сөзін мезгеп отырғанын байқау қиын емес.

Әдебиет тарихындағы өзіндік орны бар ақын-жырауларды бәрінен бұрын басқалардан көркем тілі, айшықты ойы, бейнелі сөзі ерекшелесе керек.

Базар жырау поэзиясының метафоралық ойлаудың сирек үлгілері қатарына еркін ене

алатынын мына мысалдар дәлелдей алса керек.

«Дүние – киік, адам – ит,  
қуа-қуа ізденіп»  
сондай-ақ:  
«Ажал – бүркіт, адам – жан»  
немесе:  
«Өлім – күзер, өмір – жол,  
бірте-бірте күн санап,  
көнерген сайын төзе алмай,  
солқылдайтын басқанға»,  
сондай-ақ:  
«Құйрығымен жар соққан,  
мен дарияның сазаны».

Поэзиялық айшықты оралымдармен берілген сөздерден Базар жырау толғауларының поэтикасындағы дара қолтаңбасы, сирек талант қана дүниеге әкелетін мәрмәрдай сұлу сөз бейнелілігін, образды ойлаудың үздік үлгілерін қиналмай табуға болар еді. Метафоралық сөз тіркестері, айқындаулар, теңеу, эпитет, нақыл-ғибрат, бейнелі сөздер тыңдаушыға әсер ететін мақал-мәтелдер мол кездеседі. Мәселен, «Айна-тарақ» дастанында:

Түрленіп толған айдай нұрлы жүзі, (эпитет-ті теңеу)

Өтер деп бастан дәурен аттай желіп. (теңеу).

Жақсы ару, жаннан шырын қалап алған (эпитет)

Қойыпты бәтүадай бір кеңеске (теңеу)

Сәулесі түседі екен күндей балқып (теңеу)

Келтірілген үзіндіден Базардың тілдік көркемдегіш құралдарды, ауыстырулар мен алмасуларды орынды қолданғаны байқалады. Сұлуды айға, күнге балау арқылы халықтық теңеу мен эпитеттерді жүйелі қолданған.

Ақынның өзіндік тың эпитет пен теңеулерді ретімен қолдануы да көңілге қонады.

Мысалы, «Айна-тарақ» дастанында:

Жабырқап, шаттық кеуілін қайғы басып (эпитет)

Кетеді жігіт көңілі судай тасып (теңеу)

Сүйек қой алақандай құр қарасы (теңеу)

Дастанда Базар жырау оқырман құлағына таныс сөздер ғана емес, өзіндік тың теңеулерді әсерлі қолданады.

«Көңілі судай тасып», «аттай желіп», «күндей балқып», -деп бір затты екінші құбылысқа

теңеу арқылы бір ғана қасиеті ғана емес, әр түрлі қасиетін қамтиды.

Кейіпкер образын ашуда өлең жолдарын диалогқа құрып, тілдің көркемдегіш құралдарын тиімді қолданып отырады.

Жырау адам тұлғасын бейнелеуде «Әмина қыз», «Айна-тарақ», «Мақпал-Сегіз», «Жүсіп-Ахмет» атты дастандарында адамның іс-әрекеті, психологиялық толғанысы (күйініш, өкініш, сезім, қайғы т.б.) бәрі тек бейнелі суретпен беріледі. Кейіпкердің әдеби бейнесін жасауда ойын образ арқылы береді.

«Мақпал-Сегіз» дастанындағы Мақпал бейнесін автор былайша береді.

Ұсады қыз дәуренім өтетінге,  
Басыма кемдік, мұнар жететінге.

Бұл елден түз-несібем таусылыпты,  
Сал Сері мен ұсадым кететінге [8; б.281].

Елден еріксіз ұзатылып кетердегі Мақпалдың жан-дүниесіндегі арпалыс сезімін, психологиялық толғанысы, сырын ашқан қыз образын тартымды береді. Мақпал образы арқылы әйел теңсіздігін көрсетіп, сүйген жігітіне қосылу үшін әрекет жасаған қызды дәріптеп, қалың малға сатылу сияқты ескіліктің көрінісін суреттей келе, қыз тағдыры алаңдатады:

Қанды иесіз терім сіңген құндыз бөрік,  
Түскен соң, қызыл-саны құрсын көрік.  
Біріндей бойжеткеннің Мақпал едім,  
Басымнан билік кетіп, болмады еркім [8;  
б.281].

Дастанда оқиғаны баяндай отырып, кейіпкер психологиясын, жан сырын ашуға ұмтылған. Мақпал қыз арқылы көркем образ жасап, оның кескін – келбеті, мінезі, тұрмысын бейнелеп, образ даралығын көрсетеді.

Сегіз потретін жасап, оның мінезін, ашуын, сұсты түрін суреттегенде:

Түшкірініп сол кезде,  
Батырдың түсі сұрланды. (метонимия)  
Қатты мінді кәріне,  
Пісент қылмай бір жаңды.  
Бес қаруын берік байлап,  
Аққұс аттың беліне  
Бекітіп тартты тұрмаңды [8; б.303].

Халық ауыз әдебиетіндегі батыр портретін беруде қолданылатын, батырдың сұсты ашулы түрін осылай баламалап көрсеткен. «Сұр-

лану», «пісент», «бес қару» сияқты халықтық таным-түсінік көрініс тапқан.

Сөз қадірін түсінген Базар жырау оқиға түйінін дөп басып, салиқалы ой айтады. Аңыздық оқиға желісімен жазылғанмен «Мақпал-Сегіз» көркемдік шешімін тапқан дастанда жыраудың өзіндік үні сезіліп тұр. Дастанда қазақтың ұлттық характерін көрсетуге көңіл бөлген. Метафора

Пұлының бірі – түзік, бірі – бұзық,  
Қу екен құртып жүрген талай жерді.

Адамды аңдып жүрген ажал-дұшпан

Бір нәрсені екінші нәрсеге баспа-бас мағыналық жақындығына қарай ауыстырып балай теңейді, яғни, метафоралық көркемдік жасаған «пұлдың – түзік, бұзық» болуы немесе ажалдың – дұшпан болуы ешқандай жалғау, жұрнақсыз баспа-бас балау түрінде жасалған.

Ауыспалы, алмастырулар тектес заттарды жақындығына қарай бірінің орнына бірін ауыстырып айту, яғни, метонимиялар да кездеседі.

Жәдігөй, нағыз сиқыр сен екенсің.

Сен- бетпақ, тура жолдан шын адасқан [8;  
б.321].

Айырылып адамшылық, қалыбымнан,

Ит болып, ырғып шықтым жабығымнан [8;  
б.321].

Базар жырау «Әмина қыз» дастанында бір сөзді немесе біз лебізді жай қайталау, еспе қайталау, анафоралық қайталауды қолданған. Тыңдаушысын қызықтыра, еліктіре отырып, әсерге бөлеу үшін сөзді қайталап қолдану ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Осы тәсілді Базар жырау да қолданған.

– Қыз айтты: Ей, мейірбан анам, -деді

Тапсырдың бір жұмысты маған, -деді.

Бәрінен соның жолы жаман, -деді

Бір болса, болған шығар содан, -деді.

Қолына бір кесе су құйып алды,

Бойына бар қайратын жиып алды.

Келтірілген үзіндіде өлең сөздің тармақ қатарының соңғы бір сөзі қайталанып тұр.

Дастандарында әйелдер бейнесі, сұлу қыздың кескін сипатын да халықтық ұғыммен береді.

«Әмина қыз» дастанындағы жігітті адам қалпына келтірген оқымысты қыздың бейнесін былай танытады:



Қыз екен, парасатты өзі сұлу, (эпитет)  
Айрықша бір кісідей берген көрік.  
Қарауға жүз тоқтатып төзе алмадым,  
Сұлудан күйген сорлы, кеулім жерік. [8;  
б.324].

Ал Әмина да сұлулықтан кенде емес, ажа-  
ры көркі ішкі дүниесіне сай емес, зұлым-  
дықтың өкілі ретінде танытады.

### Қорытынды

Тәуелсіздікке қол жеткелі тарихқа үңіліп,  
өткенге көз жүгіртсек, Базар мұраларында  
қоғамдық ойға қозғау салатын мәселе мол. Ба-  
зардың әдеби мұраларындағы ойшылдық, ке-  
лешекті болжау, дүниетаным, ел тыныштығы  
қоғам дамуына, ұлтымыздың тәрбиесіне

ықпалы болатындығы анық. Базар жырау ха-  
лықтың бай ауыз әдебиетін жетік меңгерген  
және өзіндік сөз саптауы, образ нақыштары,  
ой-жүйесінің тартымдылығымен халқына  
өзіндік із қалдырған.

Базар дастандарын жинақтап жүйелеу,  
көмескі тартқан асыл мұрасын сақтап, келе-  
сі ұрпаққа жеткізу – бүгінгі әдебиетіміз бен  
өнеріміздің аса маңызды міндеті.

Базар Оңдасұлы – Сыр сүлейлерінің көшін  
бастап кеткен даңғайыр жырау, саңлақ сурет-  
кер.

Жыраулық поэзияның дамуындағы қол  
жетпестей биіктікпен ғана белгіленер оның  
шығармалары қазақ халқының қандай ұр-  
пағының болмасын жанына сәуле, рухына  
қуат құя беретініне ешқандай күмән жоқ.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 352 б.
2. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. - 584 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер / Құрастырғандар: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
4. Үш ғасыр жырлайды. Құрастырған және алғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1965.
5. Бес ғасыр жырлайды II том. Алматы: Жазушы, 1984.
6. Жеті ғасыр жырлайды. II том. Құрастырған: Дүйсенбайұлы Е. – Алматы: Жазушы, 2008.
7. Мағауин, М. Алдаспан: көне қазақ поэзиясының антологиясы. - Алматы: Атамұра, 2006. - 312 б.
8. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Құрастырған: Сүйіншәлиев Х. – Алматы: Мектеп, 1981.
9. Базар жырау Оңдасұлы. Жәмиғи қазақ бір туған. – Алматы: Дешті қыпшақ, 2008-380 б.
10. Оңдасұлы Балқы Базар. Назбедеу (толық жинағы): Толғаулар, ... Құрастырған: Алдамжар Б.- Ал-маты, 2007.
11. Қосанов С.Қ. Базар Жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы: (Ақындық дәстүр, жанр, поэтика): авто-реферат Алматы: Мірас-К, 2005.
12. Базар жырау шығармалары. Құрастырған: Ш.Алдашев. – Алматы: Жазушы, 1986. -199 б.
13. Базар жырау шығармалары. – Астана: Фолиант, 2008.
14. Ұ.Жанбершиева. Т.Ізтілеуовтің әдеби мұрасы. – Алматы: Арыс, 2013. - 332 б.
15. Кәрібозұлы Б., Оралова Г.С. Базар жыраудың әдеби мұрасы. – Қызылорда: Тұмар, 2021. - 268 б.
16. Кәрібозұлы Б. Базар жырау толғаулары жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері // «Қазақ тарихы» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2019. - №7 (174) – Б.45-48.
17. Кәрібозұлы Б. Ырыс. – Астана: Фолиант, 2010. 384 б.
18. Кәрібозұлы Б., Бекетова Ұ.Қ. Базар жырау толғауларының тақырыптық көркемдік ерекшеліктері мен жанрлық сипаты// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2019. - №1 (51) – Б.122-127.
19. Жармұхамедов М. Базар жырау // Алтын бесік, 2004, - №2.
20. Базар жырау шығармалары. Алматы: Арыс, 2014.

<sup>1</sup>Б.Карибозулы, <sup>2</sup>Г.С.Оралова

*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

### Literary heritage of Bazar zhyrau

**Abstract.** The works of Bazar Ondasuly, which have a special place in Kazakh literary studies, are also a literary heritage of national literature. In this article, the national character of Bazar Zhyrau's heritage and the artistic thinking level are determined, and the mutual connection of traditions and innovations in the glorification of Bazar Zhyrau is evaluated. Bazaar Zhyrau's peculiar way of thinking, speech, and worldview is recognized. Based on the classification of the chants of Bazar Zhyrau, several of its internal types are distinguished.

The connection of Bazar Zhyrau with the established literary tradition is substantiated and his place in Kazakh literature is analyzed.

It is not only the task of science and culture, but also the moral duty of the older generation to make sure that the best people in our history are not forgotten by the younger generation. It is about the historical destiny, the interrelation of the literature of the Turkic-speaking peoples, the continuation of the centuries-old tradition. Our national literature was greatly influenced by the literature of the East and the West, as well as the world in general. The article focuses on the peculiarities of Bazar Zhyrau in epos writing and provides a theoretical analysis. The works of Bazar Ondasuly, which have a special place in Kazakh literary studies, are also an artistic heritage of national literature. The educational value and aesthetic value of the works propagated by humanistic ideas, moral qualities of the works written in the tradition of Eastern civilization and literature are differentiated.

**Keywords:** Syr Suleyleri, zhyrau, akyn, literature, tolgau, legend, epic poem

<sup>1</sup>Б.Карибозулы, <sup>2</sup>Г.С.Оралова

<sup>1,2</sup>Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

### Литературное наследие Базара жырау

**Аннотация.** Произведения Базара Ондасулы, занимающие свое место в казахской литературоведении, также являются художественным наследием национальной литературы. В данной статье раскрывается национальный характер и уровень художественного мышления рыночного наследия, оценивается преемственность традиций и новаторства. Базар отличается своеобразным мышлением, речью, мировоззрением. На основе классификации базар-жырауских сказаний выделяются несколько его внутренних видов.

Прослеживается связь Базара жырау со сложившейся литературной традицией, анализируется его место в казахской литературе.

Усилия по тому, чтобы избранные в нашей истории не были забыты из памяти молодого поколения—это не только задача науки и культуры, но и нравственный долг старшего поколения. Речь идет об исторической судьбе, о взаимосвязи литературы тюркоязычных народов, о продолжении многовековой традиции. На нашу национальную литературу оказано большое влияние, как Востока, так и Запада, в целом, литературы стран мира. В статье сделан теоретический анализ особенностей Базар жырау в написании Дастана. Произведения Базара Ондасулы, занимающие свое место в казахской литературоведении, также являются художественным наследием национальной литературы. Воспитательное значение, эстетическое значение произведений, пропагандирующих гуманистические идеи, нравственные качества произведений, написанных в соответствии традициям восточной цивилизации и литературы.

**Ключевые слова:** Певцы-сказители Земли Сыра, жырау, акын, литература, воспевание, эпос, легенда.

### References

1. XIX gasyrdagy kazak akyndary [Kazakh poets of the XIX century] (Gylm, Almaty, 1988. 352 p.) [in Kazakh]
2. Kaskabasov S. Zhanazyk [Zhanazyk] (Audarma, Astana, 2002. 584 p.) [in Kazakh]

3. Zhymabaev M. Shygarmalary: Olender, poemalar, kara sozder / Kyrastyrgandar: Abdullin H., Darimbetov B., Zhymabaeva Z. [Works: Verses, poems, prose / Compiled by: Abdullin H., Darimbetov B., Zhymabayeva Z.] (Zhazushy, Almaty, 1989. 448 p.) [in Kazakh]
4. Ysh gasyr zhyrlaydy. Kyrastyrgan zhane algy sozin zhazgan Y. Duysenbaev [Three centuries sing. Compiled and written by Y. Duysenbaev] (Zhazushy, Almaty, 1965.) [in Kazakh]
5. Bes gasyr zhyrlaydy II tom [Five centuries sing Volume II] (Zhazushy, Almaty, 1984.) [in Kazakh]
6. Zheti gasyr zhyrlaydy. II tom. Kyrastyrgan: Duysenbayly E. [Seven centuries sing. Volume II. Compiled by: Duysenbayevich E.] (Zhazushy, Almaty, 2008.) [in Kazakh]
7. Magauin, M. Aldaspan: kone kazak poeziyasynyn antologiyasy [Aldaspan: an anthology of ancient Kazakh poetry] (Atamyra, Almaty, 2006. 312 p.) [in Kazakh]
8. XYIII-XIX gasyrlardagy kazak adebieti. Kyrastyrgan: Synshaliev H. [literature of the XVIII-XIX centuries. Compiled by: Suinshaliev Kh.] (Mektep, Almaty, 1981.) [in Kazakh]
9. Bazar Zhyrau Ondasyly. Zhamigy kazak bir tugan. [Bazar Zhyrau Ondasuly. The whole nation is Kazakh.] (Deshti Kypshak, Almaty, 2008. 380 p.) [in Kazakh]
10. Ondasyly Balky Bazar. Nazbedeu (tolyk zhinagy): Tolgaular, ... Kyrastyrgan: Aldamzhar B. [Nazbedeu (complete collection): Legends, ... Compiled by: Aldamzhar B.] (Almaty, 2007.) [in Kazakh]
11. Kosanov S.K. Bazar Zhyrau Ondasylynyn adebi myrasy: (Akyndyk dastyr, zhanr, poetika): avtoreferat [Literary heritage of Bazar Zhyrau Ondasuly: (Poetic tradition, genre, poetics): abstract] (Miras-K, Almaty, 2005.) [in Kazakh]
12. Bazar zhyrau shygarmalary. Kyrastyrgan: Sh.Aldashev [Works of Bazar Zhyrau. Compiled by: Sh. Aldashev] (Zhazushy, Almaty, 1986. 199 p.) [in Kazakh]
13. Bazar zhyrau shygarmalary [Works of Bazar Zhyrau] (Foliant, Astana, 2008.) [in Kazakh]
14. Zhanbersheyova U. T. İztilevovtin adebi murasy. [Literary heritage of T. Iztleuov] (Arys, Almaty, 2013. 332 p.) [in Kazakh]
15. Karibozuly B., Oralova G.S. Bazar zhyraudyn adebi murasy. [Literary heritage of Bazar zhyrau] (Tumar, Kyzylorda, 2021. 268 p.) [in Kazakh]
16. Karibozuly B. Bazar zhyrau tolgaulary zhanrlyk sipaty men korkemdik erekshelikteri // [Bazar Zhyrau tolgaulary genre character and artistic features] «Kazak tarihy» respublikalyk gylymi-adistemelik zhurnal, 2019. №7 (174), 45-48. [in Kazakh]
17. Karibozuly B. Yrys. [Wealth] (Astana: Foliant, 2010. 384 p.) [in Kazakh]
18. Karibozuly B., Beketova Y.K. Bazar zhyrau tolgaularynyn takyryptyk korkemdik erekshelikteri men zhanrlyk sipaty// [Thematic literary features and genre character of Bazar Zhyrau's thoughts] Al-Farabi atyndagy KazYU Habarshysy. Zhurnalistika seriyasy, 2019. №1 (51), 122-127. [in Kazakh]
19. Zharmyamedov M. Bazar zhyrau // [Bazar Zhyrau] Altyn besik, 2004. №2.) [in Kazakh]
20. Bazar zhyrau shygarmalary [Works of Bazar Zhyrau] (Arys, Almaty, 2014.) [in Kazakh]

**Карибозулы Б.** – д.ф.н., профессор, руководитель научного центра «Коркытоведение». Кызылординский университет им. Коркыт Ата, ул. Айтеке Би 29А, Кызылорда, Казахстан.

**Оралова Г.С.** – к.ф.н, старший преподаватель кафедры казахского языка, литературы и журналистики. Кызылординский университет им. Коркыт Ата, ул. АйтекеБи 29А, Кызылорда, Казахстан.

**Karibozuly B.** – Doctor of Philology, Professor, Head of the Scientific Center «Korkyt studies». Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Bie str., Kyzylorda, Kazakhstan.

**Oralova G.S.** – Candidate of Philology, Senior Lecturer of the Department of Kazakh Language, Literature and Journalism. Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Bie str., Kyzylorda, Kazakhstan.